

国家外语非通用语种本科人才培养基地系列教材

亚非语言文学国家级特色专业建设点系列教材




下载“世图粤读”APP，  
搜索关键词，获取更多资源

ҚАЗАҚ ТІЛІ · ОҚУ

# 哈萨克语基础阅读 (2)

张辉 高鑫◎ 编著



# 前 言

本教材是原中国人民解放军外国语学院（现为信息工程大学洛阳校区）哈萨克语专业自 2004 年成立以来，在使用多年的教材基础上，结合人才培养新需求，组织编写的一套哈萨克语阅读课程配套教材。通过对本教材的学习，学生可以扩大词汇量，逐步提高哈萨克语阅读能力，掌握哈萨克语阅读技巧，培养准确理解和分析归纳的能力。

本教材课文选自哈萨克语书籍、报纸、杂志及网站的原文资料。选材力求题材多样，内容丰富，涵盖面广。《哈萨克语基础阅读》分为两册，每册 16 课。本册教材中，每课由两篇主副课文、单词和课后练习三个部分组成，内容相辅相成。书后附有词汇表，方便学习者查阅。

《哈萨克语基础阅读（2）》作为哈萨克语专业本科教材，适合在大学二年级第二学期使用。计划学时为 36 学时。教师在实际的教学过程中可以根据本校的具体情况加以适当调整。

本教材在编写的过程中，得到了信息工程大学洛阳校区俄罗斯系教材建设委员会和中国出版集团世界图书出版广东有限公司的大力支持，在此一并表示衷心的感谢！

由于编者水平有限，教材中难免会有一些疏漏和不足之处，希望各位专家、学界同仁不吝批评指正。

编 者

2020 年 9 月

于信息工程大学洛阳校区



# 目 录

<b>1-сабақ 第一课</b> .....	<b>1</b>
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев .....	2
Қасым-Жомарт Тоқаев .....	7
<b>2-сабақ 第二课</b> .....	<b>13</b>
Ұлы Отан соғысы .....	14
Қазақстанның жеңіске қосқан үлесі .....	19
<b>3-сабақ 第三课</b> .....	<b>25</b>
Асқар Серкұлұлы Жұмаділдаев .....	26
Қаныш Имантайұлы Сәтбаев .....	31
<b>4-сабақ 第四课</b> .....	<b>35</b>
Қазақстанның 7 мәдени ландшафты .....	36
Қазақстанның 7 табиғи ландшафты .....	41
<b>5-сабақ 第五课</b> .....	<b>47</b>
Уақыт және адам .....	48
Уақыт алтыннан да қымбат .....	53
<b>6-сабақ 第六课</b> .....	<b>59</b>
Үйшік .....	60
Алма .....	65
<b>7-сабақ 第七课</b> .....	<b>71</b>
Тоқаев қазақстандықтарды Жаңа жылмен құттықтады .....	72
Жаңа үкімет таңдаған он бағыт .....	77



<b>8-сабақ 第八课</b> .....	<b>83</b>
Қазақстанның географиясы .....	84
Флора мен фауна .....	89
<b>9-сабақ 第九课</b> .....	<b>93</b>
Біздің дәуіріміздегі ұлағатты әңгіме .....	94
ҚКП-ның 19-шы шақырылымындағы 1-ші пленум .....	99
<b>10-сабақ 第十课</b> .....	<b>105</b>
Қазақ халқының салт-дәстүрі.....	106
Төрт түлік.....	111
<b>11-сабақ 第十一课</b> .....	<b>117</b>
Қазақстан мен Қытай Үкіметтерінің бірлескен коммюникесі (үзінді) .....	118
Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастық бағдарламасы (үзінді) .....	124
<b>12-сабақ 第十二课</b> .....	<b>129</b>
Мамандар сыраның жеті пайдасы бар дейді.....	130
Қазақтың ұлттық тағамдары .....	135
<b>13-сабақ 第十三课</b> .....	<b>141</b>
Қазақ халқының шеберлік өнері .....	142
Жалпы музыка аспаптары .....	147
<b>14-сабақ 第十四课</b> .....	<b>153</b>
Коронавирус инфекциясы деген не? .....	154
Коронавирус індеті туралы мемлекет басшысының мәлімдемесі.....	159
<b>15-сабақ 第十五课</b> .....	<b>165</b>
Ұлы Жібек жолы .....	166
Ұлы Жібек жолы Қазақстанда .....	172
<b>16-сабақ 第十六课</b> .....	<b>177</b>
Қазақстан спорт түрлері .....	178

Қазақ спортының қалыптасу тарихы .....	183
Сөздер 单词表 .....	189

An aerial photograph of a modern city with various skyscrapers and buildings. A large, stylized white cloud with a drop shadow is centered in the upper half of the image. Inside the cloud, the text '1-сабақ 第一课' is written in black. The background is a grayscale image of the city, with a cloudy sky above.

1-сабақ 第一课



## Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

1940 жылғы 6 шілдеде Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Шамалған ауылында дүниеге келген. 1967 жылы Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы жоғары техникалық оқу орнын бітірді.

Экономика ғылымдарының докторы. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, Халықаралық инженерлік академияның, Ресей Федерациясы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің құрметті профессоры. Беларусь ғылым академиясының құрметті мүшесі. М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің құрметті профессоры.

1990 жылдың сәуірінен — Қазақстан Республикасының Президенті. 1991 жылдың 1 желтоқсанында тұңғыш рет Қазақстан Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басым дауыспен (98,7 процент) жеңіске жетті. 1995 жылдың 29 сәуірінде жалпыхалықтық референдум нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттігі 2000 жылға дейін ұзартылды. 1999 жылдың 10 қаңтарында өткен баламалы сайлаудың нәтижесінде Н.Назарбаев 79,78 процент дауыс алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды. 2005 жылдың 4 желтоқсанында сайлаушылардың 91,5 процент дауысын алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды. 2010 жылдың 14 маусымында «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының қызметін қамтамасыз ету саласында заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №298-IV Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы күшіне енді. 2011 жылдың 3 сәуірінде сайлаушылардың 95,5 процент дауысын алып, Қазақстан

Республикасының Президенті болып қайта сайланды. 2015 жылғы 26 сәуірде өткен сайлауда жеңіске жетіп, сайлаушылар дауысының 97,75 пайызына ие болды.

Н.Ә.Назарбаев кезек бойынша Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы, «Нұр Отан» партиясының төрағасы, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы және т.б. тағайындалды.

Зайыбы — Сара Алпысқызы Назарбаева, 1992 жылдың ақпан айынан бері — Халықаралық «Бөбек» балалар қайырымдылық қорының негізін салушы және президенті. 1994 жылдың шілде айынан С.А.Назарбаева — «SOS — Қазақстанның балалар қалашықтары» қорының президенті.

Президенттің үш қызы бар. Дариға Нұрсұлтанқызы Назарбаева (1963 ж.), үлкен қызы. Саяси ғылымдар докторы. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Төрағасының орынбасары. Динара Нұрсұлтанқызы Құлыбаева (1967 ж.), ортаншы қызы. 2004 жылдан бері — Қазақстан-Британ техникалық университеті директорлар кеңесінің төрайымы. Әлия Нұрсұлтанқызы Назарбаева (1980 ж.), кіші қызы. «Элитстрой» құрылыс компаниясының басшысы.



### Сөздік 单词

әлеуметтік	社会的, 公共的
баламалы	等价的, 等值的
басым	压倒性的, 绝大多数的
Беларусь	白俄罗斯
дауыс	选票, 声音
елбасы	总统, 首脑
жалпыхалықтық	全民的
жеңіс	胜利
жетілдіру	改善, 提高
зайып	夫人, 妻子



заңнама	法令, 法制
комбинат	联合企业
құрметті	敬爱的, 尊敬的
металлургия	冶金工业
мәжіліс	马日利斯, 议会下院
ортаншы	中间的, 中部的
орынбасар	副的, 副职
өкілеттік	全权, 权力
пайыз	百分比
референдум	全民投票
сайлаушы	选民, 选举人
толықтыру	补充, 增补
төраға	主席
төрайым	(女)主席
ұзартылу	延长



### Сөз тіркесі 词组

Қарулы Күштер	武装力量
Жоғарғы Бас Қолбасшысы	最高统帅
негіз салушы	奠基人
құрылыс компаниясы	建筑公司



### Жаттығу 练习

**1-тапсырма** ▶ Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Н.Ә.Назарбаев қай жерде дүниеге келген?
2. 1967 жылы Н.Ә.Назарбаев қай оқу орнын бітірді?
3. Н.Ә.Назарбаев қай академиялардың академигі?
4. Н.Ә.Назарбаев қай университеттің құрметті профессоры?
5. Н.Ә.Назарбаев қашан тұңғыш рет президент болатын болды?

6. Н.Ә.Назарбаев басынан неше рет сайлауды кешірді?
7. Н.Ә.Назарбаевтың зайыбы қандай ұйымдардың президенті?
8. Н.Ә.Назарбаевтың үш қызы қандай жұмыс істейді?

**2-тапсырма** ▶ Төмендегі сөйлемдерді аударыңыз.

1. 1960-1969 жылдары Қарағанды металлургия зауытында жұмыс істеді.
2. 1969-1973 жылдары Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды.
3. 1973-1977 жылдары — Қарағанды металлургия комбинатының партком хатшысы.
4. 1977-1979 жылдары — Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы, 2-хатшысы.
5. 1979-1984 жылдары — Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы.

**3-тапсырма** ▶ Бір дұрыс жауапты таңдаңыз.

1. Н.Ә.Назарбаев \_\_\_\_\_ Федерациясы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі.
 

А. Белорусь	Б. Әзірбайжан
В. Ресей	Г. Украина
2. \_\_\_\_\_ жылы Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттігі 2000 жылға дейін ұзартылды.
 

А. 1993	Б. 1994
В. 1995	Г. 1996
3. 2011 жылғы сайлауында Н.Ә.Назарбаев \_\_\_\_\_ процент дауысын алды.
 

А. 93,5	Б. 94,5
В. 95,5	Г. 96,5
4. \_\_\_\_\_ Халықаралық «Бөбек» балалар қайырымдылық қорының негізін салушы және президенті.
 

А. Н.Ә.Назарбаев	Б. Д.Н.Назарбаева
В. Н.Ә.Нұрсұлтанқызы	Г. С.А.Назарбаева
5. «Элитстрой» құрылыс компаниясының басшысы Н.Ә.Назарбаевтың



\_\_\_\_\_ ҚЫЗЫ.

А. үлкен

В. кіші

Б. органша

Г. асыранды



## Мәтін-2 课文二

## Қасым-Жомарт Тоқаев

Қасым-Жомарт Тоқаев Жалайыр руынан шыққан Алматының тумасы. Қазақстанның жаңа басшысы Екінші дүниежүзілік соғыстың қатысушысы және танымал жазушының отбасында дүниеге келген.

Қасым-Жомарт Тоқаев 17 жасында, яғни 1970 жылы Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтына түсуге шешім қабылдайды. Ал 5-ші курста оқып жүргенінде ол КСРО-ның Қытайдағы елшілігіне жарты жылдық диплом алдындағы тәжірибеге жіберіледі.

1992 жылы Ресей сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын бітіріп, кейіннен тарих ғылымдарының кандидаты, саяси ғылымдардың докторы атанды.

Қасым-Жомарт Тоқаев КСРО Сыртқы істер министрлігінде кезекті референт ретінде де жұмыс істеді. Содан кейін КСРО-ның Сингапурдағы елшілігінде қызмет етті. Тоқаев осы бағыттағы жұмысын болашақта да жалғастырды. Оның саяси мансаптағы қадамдары бірінен-бірі өзгере түсті.

Сол жылы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрінің орынбасары болып тағайындалды. Және келесі жылы сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары болып бекітілді. Ал 1994 жылы сол министрлікті басқарды. Сондай-ақ, 1999 жылдың наурызында премьер-министрдің орынбасары болып тағайындалып, сол жылдың қазан айында үкіметті басқарды.

Бірақ Тоқаев 2002 жылғы қаңтарда отставкаға кету туралы өтініш береді. Кейіннен оны сыртқы істер министрінің Мемлекеттік хатшысы лауазымына тағайындады. Тоқаев онда 2007 жылға дейін жұмыс істеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев сыртқы істер министрінің басшысы ретінде ядролық қаруды таратпау процесінде белсенді рөл атқарды.



Ал 2007 жылы Тоқаев Қазақстан Республикасының Сенат төрғасы болып сайланды. Келесі жылдың өзінде ол ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының вице-президенті болды. Сондан кейінгі келесі жылдарда Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының орынбасары және БҰҰ-ның Женевадағы бөлімінің Бас директоры, сондай-ақ БҰҰ Бас хатшысының Қарусыздану жөніндегі Конференциясының жеке өкілі болып үлгерді.

Тоқаев 2007 жылдың маусымынан бастап «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының және «Нұр Отан» ХДП саяси кеңесі бюросының мүшесі болды. Қазақстанның жаңа президенті Ресейдің өмірбаяндық қоғамының нұсқасы бойынша «Жыл адамы — 2018» лауреаттарының тізіміне енген болатын.

Отбасы туралы айтар болсақ, жұбайы Надежда Тоқаева Давыдовна екеуінің 1984 жылы туған Тимур есімді ұлдары бар.

2019 жылдың 9 маусымында Exit-poll нәтижелеріне сәйкес, «Нұр Отан» партиясының атынан ұсынылған Қасым-Жомарт Тоқаев 70% көрсеткішпен жеңіске жетті. Артынша ОСК сайлаудың алдын ала қорытындысын жариялады. Оның нәтижесі бойынша, Тоқаев 70,76% дауыс жинады. Яғни, оған 6504054 қазақстандық дауыс берген.



### Сөздік 单词

артынша	随着, 跟着
ассамблея	大会, 全体会议
атқару	执行, 实行
белсенді	积极地
вице-президент	副总统
Жалайыр	札刺亦儿 (部落名)
жалғастыру	接连, 把……合并
Женева	日内瓦 (地名)
кандидат	副博士
көрсеткіш	指标, 指数
қарусыздану	裁减军备

корытынды	结论, 论断
лауазым	职务, 职位
мансап	职业, 事业
отставка	辞职
премьер-министр	总理, 首相
ретінде	作为
референт	顾问
рөл	角色
ру	族, 代
сайлану	(被)选举
сенат	参议院, 议会上院
Сингапур	新加坡
тағайындау	任命, 委派
тума	亲戚, 亲属



### Сөз тіркесі 词组

Екінші дүниежүзілік соғыс	第二次世界大战
сыртқы істер министрлігі	外交部
ядролық қаруды таратпау процесі	核不扩散进程
БҰҰ Бас хатшысының орынбасары	联合国副秘书长
КСРО (Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы)	苏联
ЕҚЫҰ (Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы)	欧洲安全与合作组织
ОСҚ (Орталық сайлау комиссиясы)	中央选举委员会
ХДП (Халықтық Демократиялық Партиясы)	人民民主党



### Жаттығу 练习

**1-тапсырма** ▶ Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қасым-Жомарт Тоқаев қай рудан шыққан?



кезекті референт ретінде де жұмыс істеген.

А. Қазақстан Б. Ресей

В. КСРО Г. Қытай

3. \_\_\_\_\_ жылдың наурызында Қасым-Жомарт Тоқаев премьер-министрдің орынбасары болып тағайындалды.

А. 1992 Б. 1995

В. 1999 Г. 2019

4. Қасым-Жомарт Тоқаев сыртқы істер министрінің басшысы ретінде \_\_\_\_\_ таратпау процесінде белсенді рөл атқарды.

А. адамдарды Б. ауаны ластауды

В. ядролық қаруды Г. коронавирусты

5. 2019 жылғы Президент сайлауының нәтижесі бойынша, Қасым-Жомарт Тоқаев \_\_\_\_\_ дауыс жинады.

А. 60,76% Б. 70,76%

В. 80,76% Г. 90,76%

